

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бойынша
жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп
«Күншуақ» бөбекжайы» КМҚК**

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу «Күншуақ» бөбекжайында іс – шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Жоспардың мақсаты бөбекжайда сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктерін құру және пайдалану.

Міндеттері:

1. Сыбайлас жемқорлық жағдайында жауапты адамдардың іс-әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеу;
2. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің мүмкіндігін жоятын ұйымдық-құқықтық тетіктерді әзірлеу және енгізу;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты тұлғаның негізін құрайтын адамгершілік нормаларға балаларды оқыту және тәрбиелеу әдістерін жетілдіру.

Іс-шаралар жоспарына мынадай бөлімдер енгізілген:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау;
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бөбекжайдың жұмыс істеуін жетілдіру жөніндегі шаралар;
3. Бөбекжай мен тәрбиешілердің ата - аналарының (заңды өкілдерінің) өзара іс-қимылы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, қызметтік әдеп нормаларын сақтау және заңнаманы бұзушылықтардың профилактикасы мақсатында «Әдеп кодексін бекіту туралы» және «Уәкілетті тұлғаны тағайындау туралы» «Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бұйрықтар.

Бөбекжай қызметкерлерінің әдеп және қызметтік мінез – құлық кодексі әзірленді, онда қызметкерлердің қызметтік мінез-құлық қағидалары, негізгі міндеттері, сондай-ақ қызметкерлердің қызметтік мінез-құлықның этикалық қағидалары көрсетілген. Қызметтің ақпараттық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл бөлімі көрсетілген сайт <https://kunshuak-sat.testim.kz/kz/>, Инстаграм [kunshuak_balabakshasy33,https://www.facebook.com/profile.php?id=100054815256082&mibextid=ZbWKwL](https://www.facebook.com/profile.php?id=100054815256082&mibextid=ZbWKwL) бар. Әлеуметтік желілер үнемі жаңартылып, қажетті ақпаратпен толықтырылып отырады. Сайтта «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қалай әрекет ету керек», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл», «Егер Сізден пара талап етілсе»

жадынамалары орналастырылған. Құқықтық жалпы оқыту жоспарына сәйкес психолог қызметкерлерді «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңымен таныстырады.

Іс – шаралар жоспарына сәйкес бөбекжай мүлкін түгендеу оны пайдалану тиімділігін талдау бойынша жүргізіледі

Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі уәкіл Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерімен бөбекжай бойынша ішкі бақылау жүргізіледі (тәрбиеленушілерді тамақтандыруды ұйымдастыру, білім беру процесінің барлық тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуы). Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Уәкіл ҚР нормативтік құжаттарының, ведомстволық ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттардың дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды өңдеу жөніндегі талаптарын, сондай-ақ басқа да өкімдік құжаттарды басшылыққа алады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыру туралы мәселелер педагог қызметкерлердің отырыстарында және еңбек ұжымының жиналыстарында талқыланады. Педагогтарға мереке қарсаңында топтың қажеттіліктері үшін ақша жинауға және сыйлықтар қабылдауға жол берілмейтіні туралы түсіндірмелер мен ескертулер беріледі.

Балалармен бала құқықтары бойынша сабақтар өткізіледі.

Барлық топтарында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты бұрыштың болуы қамтамасыз етіледі.

Бөбекжай жұмысына олардың қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) сауалнама жүргізіледі

Ата - аналарды (заңды өкілдерді) бөбекжайға қабылдау қағидалары туралы, бөбекжай сайтында білім беру қызметтерін көрсету туралы ақпаратты орналастыру арқылы толық хабардар ету қамтамасыз етіліп сауалнама жүргізілді. Балабақшада «Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты», сондай-ақ стенд рәсімделген.

Сыбайлас жемқорлық — әзірше әлемнің бір-де бір елі жеңіп шыға алмаған әлеуметтік бәле. Сыбайлас жемқорлыққа шек қоюға, әлеуметтік қатынастарды қоғамға зиян келтіріп мүмкіндіктерін асыра пайдаланудан мүмкіндік шегінде жағдай жасауға болады.

Әлемнің барлық мемлекеттері осы бәлеге тап болып отыр. Сонымен қатар қазіргі заманғы жағдайда сыбайлас жемқорлық мемлекетішіндік проблемадан біртіндеп ғаламдық проблемаға айналып бара жатыр. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің

бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы - адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні айдан анық. Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттікмаңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Өкінішке орай, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз. Біз елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бағытында елеулі қадамдар жасадық. Алайда, басты назар көбіне сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен күресуге аударылып отыр. Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Әлеуметтік желінің, өзге де медиа-ресурстардың дамуы жағдайында,сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек көруі күрестің қуатты құралына айналуға тиіс.Елбасының мемлекетіміздің тағдыры үшін маңызды құжатында айтылған мемлекеттік қызметтегі тұлғаларға қойылатын талап «Әрбір мемлекеттік қызметкердің ары да жаны да таза, сауатты және білікті, біреуге тәуелді болмайтындай жағдайда болса екен», - деген жұртшылықтың пікірімен үндескендей.

Біз, жаппай, ата-ана болып, бала болып, ірі тұлғалы азамат пен азаматша болып жемқорлықпен күрессек, ала алмайтын асу, бұза алмайтын қамал болмайды.Әр адам өзінің құқығын жіті меңгеріп, хабардар болса, жемқорлыққа жол берілмейтіні хақ.



Педагогтармен жүргізілген жұмыстар



Ата аналарға арналган жадынама

